**Автор**: Альянова Жанат Рамазановна
**Пән**: Әдебиеттік оқу
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
**Тақырып**: Ерте,ерте,ертеде Ұр,тоқпақ! (ертегі)

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.2.4.1 мақал-мәтел,жұмбақ,ертегі,тұрмыс-салт жырлары,әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау<br>2.2.6,1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау,мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: мақал-мәтел,жұмбақ,ертегі,тұрмыс-салт жырлары,әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды. Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау,мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды.<br>Көптеген оқушылар: Ертегілердің түрлерін біледі, оқылған ертегінің қай топқа жататынын ажыратады. Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды.<br>Кейбір оқушылар: мақал-мәтел,жұмбақ,ертегі,тұрмыс-салт жырлары, әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін дәлелдейді. Кейіпкер әрекетіне байланысты өз көзқарасын білдіреді, рөлге бөліп,саханалайды. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады:Мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі,тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды. Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау,мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды<br>Пәнге тән лексика мен терминология: Мақа-мәтел, жұмбақ,ертегі,тұрмыс –салт жырлары, әңгіме,өлең,жанрлық ерекшеліктер,мінез-құлқы мен іс-әрекет.<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>1.Мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін қалай анықтаймыз?<br>2.Тұрмыс-салт жырларының ерекшелігін атаңыз? 3.Ертегідегі кейіпкерлердің жағымсыз әрекеттері мен мінез-құлқын қалай бағалаймыз? |
| Күтілетін нәтиже: | мақал-мәтел,жұмбақ,ертегі,тұрмыс-салт жырлары,әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды.<br>Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау,мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды. |
| Бағалау критерийлері: | мақал-мәтел,жұмбақ,ертегі,тұрмыс-салт жырлары,әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды.<br>Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау,мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | Топтық,ұжымдық,жұптық жұмыстарға қатыса отырып, ынтымақтастық,, құрмет құндылықтары дариды. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Бейнетаспа(http://www.youtube.comсайтына сілтеме) Бейнежазба. Сергіту сәті «Ертегілер елінде» |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі,өзін-өзі тану. |

| | |
|---|---|
| Бастапқы білім: | Атадан қалған асыл мұра |

## Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру.Амандасу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Жылулық» шеңбері Оқушылар бір-бірімен амандасады. -Балалар ,қуанышымызды бір-бірімізге жеткізейік. Армысың, Әлем! Армысың,Жарық күн!(Қолдарын жайып,көкке көтереді.) Армысың, абзал Адам!(Қолдарын алға созады.) Армысың,менің досым! 3.Топқа бөліну Оқушылар сурет бойынша ертегі кейіпкерлерін таңдайды. Таңдаған ертегі кейіпкерлері бойынша, ертегілер түріне топталып отырады. Аңқау арыстан, Ұшқыш кілем, Аяз би. 1-топ Жануарлар туралы ертрегі 2-топ Қиял-ғажайып ертегілері 3-топ Тұрмыс-салт ертегілері «Миға шабуыл» Оқушылардың қызығушылығын ояту. Сөзжұмбақ арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу. Мақал-мәтелдің жалғасын тауып, сөзжұмбақты шешеді.Сабақтың тақырыбын анықтайды. 1. ... түбі-қорлы. (Ұрлық) 2. ... түбі –тірлік (Бірлік) 3. Ер қанаты-... (ат) 4. Ақыл-тозбайтын ... (тон) Білім таусылмайтын кен 5. Білім инемен ... қазғандай (құдық) 6. Тазалық-денсаулық ... (кепілі) 7. Әдепті бала -.... бала (арлы) 8.Өнер алды-.... тіл (қызыл) Сөзжұмбақтың шешуі: «Ұр,тоқпақ» Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Ұр,тоқпақ!» Оқушыларға ертегілер туралы білімдерін еске түсіру. Бейнетаспадан «Ұр,тоқпақ!» ертегісін тамашалайды.<br><br>«Жылулық шеңбер»<br>5e4a7ba7efe58.png<br><br>Image not found or type unknown<br>5e4a7be4d1981.png<br><br>Image not found or type unknown<br>5e4a7c01204c1.png<br><br>Image not found or type unknown | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | 1-тапсырма(Т) «Сұраққа жетіп ал» әдісі Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін анықтап, мәнерлеп оқу және рөлге бөліп қойылым көрсетеді. 1-топ А) Ертегіден балалардың «Піс қазанын, піс!» деп айырбастап қойған бөлігін тауып, мәнерлеп оқиды Ә) Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне мінездеме береді 2-топ А) Ертегіден балалардың «Құс, есегім құс!»деп айырбастап қойған бөлігін тауып, мәнерлеп оқу Ә) Ертегідегі кейіпкердің іс-әрекеттеріне мінездеме береді. 3-топ А) Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды. Ә)Мінез-құлқы мен іс-әрекетін рөльге бөліп,саханалайды. Дескриптор: - Ертегіден «Піс қазанын, піс!»туралы бөлігін тауып, мәнерлеп оқиды. - ертегі кейіпкерлеріне мінездеме береді. - Ертегіден «Құс, есегім құс!» туралы бөлігін тауып, мәнерлеп оқиды - Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне мінездеме береді. - Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды. - Ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін рөльге бөліп,саханалайды. ҚБ: «Сиқырлы қазан»әдісі 1) Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін анықтап, рөлге бөліп ,қойылым көрсетсе «Сиқырлы қазан» әдісімен бағаланады. 2 )Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін анықтауда толық жауап берсе « Бос қазан» әдісімен бағаланады. 3) Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін жартылай анықтаса «кішкентай қазан » әдісімен бағаланады. Сергіту сәті : «Ертегілер» 2-тапсырма ( Ұ ) « INSERT» әдісі . Оқушылар ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін жазады. Оқушы өз ойын қысқаша жазбаша түрде береді. Шешім жеке шешім Ертегідегі кейіпкерлердің әрекеті қиял-ғажайып оқиғаға қатысы бар. Ұр тоқпақтың әрекеті барлығымызға үлкен сабақ болады. «Ұрлық –ұрлық түбі қорлық» екенін «Ұр тоқпақ!» дәлелдеді. Дескриптор - Ертегідегі қияли және қиялдан тыс әрекеттерге өз шешімін жазады. -- Ертегі оқиғасын өмірмен байланыстылығын жазады. -«Ұрлық –ұрлық түбі қорлық»мақалының мағынасына өз шешімін жазады. ҚБ: «Доллармен бағалау» әдісі Ұсынылған шешімдерге сәйкес өз шешімін жазады. Ертегідегі «Құс, есегім құс!» дегенде есек алтын құсады. Оқушылардың жауабын ертегідегі алтынды долларға бағалап, тапсырма жауабы доллармен бағаланады. 1. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін жазуда қиналған оқушыларға 10 доллармен бағаланады. 2. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін жартылай орындаған оқушыларға 20 доллармен бағалады. 3. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін толық орындаған оқушыларға 30 доллармен бағаланады. 3-тапсырма «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі.Оқушылар мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтап, сурет бойынша жұмбақ құрастырады,бес жолды өлең жазады және өтірік өлең құрастырады. А.) Мақал-мәтел, жұмбақтың жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.Ертегідегі сурет бойынша жұмбақ құрастырады. В)Әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін атайды.Ертегі мазмұны бойынша бес жолды өлең жазады. С) Тұрмыс-салт жырларының ерекшеліктерін анықтайды.Өтірік өлең құрастырады. Дескриптор: - Мақал-мәтел, жұмбақтың жанрлық ерекшеліктерін ажыратады -Оқушылар суреттерге қарап, жұмбақ құрастырады - Әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін атайды -Ертегі мазмұны бойынша бес жолды өлең құрастырады. - Тұрмыс-салт жырларының ерекшеліктерін анықтайды. - өтірік өлең құрастырады ҚБ: «Байғыз»әдісі. Байғыз-қазақ дәстүрінде үлкеннің кішіге,негізінен балаға беретін сыйлық.Үлкендер Байғыз (ақша, малдың төлі т.б)берумен бірге құтты болсын айтып,ізгі тілек білдірген. А-деңгейі мақал-мәтел, жұмбақтың жанрлық ерекшеліктерін ажыратып, ертегідегі сурет бойынша жұмбақ құрастыруда қатесіз орындаса, түйе төлі бота беріледі. В-деңгейі әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін атап,.ертегі мазмұны бойынша бес жолды өлең жазуда 1-2 қате жіберсе жылқы төлі құлын беріледі. С-деңгейі тұрмыс-салт жырларының ерекшеліктерін анықтап,өтірік өлең құрастыруда 2-3 қате жіберсе қойдың төлі қозы беріледі.<br>Бейнетаспа (http://www.youtube.com сайтына сілтеме) Оқулық Суреттер<br>5e4a7c96be59e.png<br><br>Image not found or type unknown | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Сабақтың соңы | Кері байланыс: «Түсіндім.Түсінбедім.» әдісі Бүгінгі сабақтан «Нені білдім?» «Не үйрендім?» «Нені білгім келеді?» сұрақтарына жауап беру.Сабақта бәрін түсіндім,сабақ ұнады деген оқушылар сары жолақшаларды күннің жанына,сабақ қиын болды,түсінбедім деген оқушылар көкшіл түсті тамшыларды бұлттың астына жапсырады. Бағалау - оқушылардың материалдың меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? ҚБ : «Сиқырлы қазан»әдісі 1) Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін анықтап, рөлге бөліп ,қойылым көрсетсе «Сиқырлы қазан» әдісімен бағаланады. 2 )Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін анықтауда толық жауап берсе « Бос қазан» әдісімен бағаланады. 3) Оқушылар берілген сұрақтар бойынша ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беріп, оқулықтан кейіпкерледің іс-әрекетін жартылай анықтаса «кішкентай қазан » әдісімен бағаланады. ҚБ: « «Доллармен бағалау» әдісі 1. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін жазуда қиналған оқушыларға 10 доллармен бағаланады. 2. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін жартылай орындаған оқушыларға 20 доллармен бағалады. 3. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша жеке шешімін толық орындаған оқушыларға 30 доллармен бағаланады. ҚБ: «Байғыз»әдісі. Байғыз-қазақ дәстүрінде үлкеннің кішіге,негізінен балаға беретін сыйлық.Үлкендер Байғыз (ақша, малдың төлі т.б)берумен бірге құтты болсын айтып,ізгі тілек білдірген. А-деңгейі мақал-мәтел, жұмбақтың жанрлық ерекшеліктерін ажыратып, ертегідегі сурет бойынша жұмбақ құрастыруда қатесіз орындаса, түйе төлі бота беріледі. В-деңгейі әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін атап,.ертегі мазмұны бойынша бес жолды өлең жазуда 1-2 қате жіберсе жылқы төлі құлын беріледі. С-деңгейі тұрмыс-салт жырларының ерекшеліктерін анықтап,өтірік өлең құрастыруда 2-3 қате жіберсе қойдың төлі қозы беріледі Кері байланыс: «Түсіндім.Түсінбедім.» Бүгінгі сабақтан «Нені білдім?» «Не үйрендім?» «Нені білгім келеді?» сұрақтарына жауап беру.Сабақта бәрін түсіндім,сабақ ұнады деген оқушылар сары жолақшаларды күннің жанына,сабақ қиын болды,түсінбедім деген оқушылар көкшіл түсті тамшыларды бұлттың астына жапсырады. Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы. Оқушылардың партада дұрыс отыруын, көлбеу жазуын , топпен жұмыс жасағанда өзін-өзі дұрыс ұстауын қадағалау. Сергіту сәтін жасау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау | |
| Рефлексия | Кері байланыс: «Түсіндім.Түсінбедім.» Бүгінгі сабақтан «Нені білдім?» «Не үйрендім?» «Нені білгім келеді?» сұрақтарына жауап беру.Сабақта бәрін түсіндім,сабақ ұнады деген оқушылар сары жолақшаларды күннің жанына,сабақ қиын болды,түсінбедім деген оқушылар көкшіл түсті 5e4a7edbcbae0.png тамшыларды бұлттың астына жапсырады Image not found or type unknown<br>5e4a7eef126f0.png<br>Image not found or type unknown | |